

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігінің қоғамдық тамақтандыру еншілес мемлекеттік кәсіпорны туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 24 шілдедегі N 1165

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігіне Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігінің қоғамдық тамақтандыру еншілес мемлекеттік кәсіпорнын құруға рұқсат етілсін.

Еншілес кәсіпорынның орналасатын жері Алматы қаласы, Республика алаңы, 4 мекен-жайында орналасқан Қазақстан Республикасының Президенті Резиденциясының үйі деп белгіленсін.

Еншілес кәсіпорынның қызметін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Премьер-Министрі Кеңсесінің қызметкерлерін қоғамдық тамақтандыруды қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын сауда және технологиялық жабдықтары Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігінің балансына берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігі белгіленген тәртіппен аталған еншілес кәсіпорынның жарғысын бекітсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары